

"Егістіктің жойылған алқаптарын анықтау әдістемесін және Өнімнен болжанатын кірісті анықтау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 316 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 12 шілдедегі № 443 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде 2010 жылғы 6 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6376 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы № 321 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.10.2020 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5-бабы 2-тармағының 10 ) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Егістіктің жойылған алқаптарын анықтау әдістемесін және Өнімнен болжанатын кірісті анықтау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 316 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4707 болып тіркелген, 2007 жылғы 17 тамыздағы "Заң газетінде" № 126 (1155) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбындағы "және Өнімнен болжанатын кірісті анықтау әдістемесін" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Егістіктің жойылған алқаптарын анықтау әдістемесінде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ауыл шаруашылығы дақылдары егістерінің зақымданған немесе жойылған алқаптарын анықтау жоғарыда аталған себу тәсілдеріне сәйкес гектармен жүзеге асырылады.

Егістіктің толық жойылуды - өнімді одан әрі өсіруге және астық жинауға жұмсалатын шығындар өнім алудан түсетін болжамды кірістен асып түсетін егістікке қолайсыз табиғат құбылыстары әсерінің салдары.

Өнімді одан әрі өсіруге және жинауға жұмысалған шығындар өнім алудан түсетін болжамды кірістен асып түсуін комиссия анықтайды және қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқапта егістіктердің 70 % және одан жоғары жойылған немесе зақымданған жағдайда белгіленеді.

Қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқаптағы егістіктердің 70 %-дан аз зақымданған жағдайда, комиссия егістіктердің ішінара жойылғанын белгілейді.

Мысалы: "ABC" шаруа қожалығы жалпы алқабы 1000 гектар егістікті, оның ішінде арпа егістігін 500 гектары (№ 1 танап) және бидай егістігін 500 гектары (№ 2 танап) сақтандырды. Қолайсыз табиғат құбылысының – құрғақшылықтың әсері нәтижесінде сақтандыру жағдайы орын алды.

Комиссияның сақтандырылған егістіктердің жойылған алқаптарына зерттеу жүргізу нәтижелері бойынша қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшырағын арпа егістіктің жойылған пайызы сақтандырылған танап алқабынан (500 га) 75 % құрайтыны анықталды және одан әрі оларды өнім алу мақсатында өсіру немесе жинау бойынша әрекет жасау экономикалық мақсатты емес болып табылады, яғни арпаның 500 гектар алқабындағы № 1 танап егістігінің толық жойылуы орын алды.

Есеп: өсімдіктердің барлық саны – 300 дана/шаршы метрде.

Қолайсыз табиғат құбылыстарынан зақымданған өсімдіктердің саны – 1 шаршы метрде 225 дана.

Зақымданған өсімдіктердің пайызы –  $225 \times 100 : 300 = 75 \%$ .

Жойылған алқабы –  $500 \times 75 \% = 375$  гектар, ол сақтандырылған алқабынан 70 % жоғары, яғни 500 га арпа алқабында егістіктің толық жойылғаны белгіленіп отыр.

Қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған бидай егісі біркелкі зақымданған және комиссия 500 га бидай алқабында сақтандыру жағдайы болған барлық танап егістігінің (№ 2 танап) ішінара жойылғаны анықтады.

Есеп: өсімдіктердің барлық саны – 300 дана/шаршы метрде.

Қолайсыз табиғат құбылыстарынан зақымданған өсімдіктердердің саны – 1 шаршы метрде 170 дана.

Зақымданған өсімдіктердің пайызы –  $170 \times 100 : 300 = 56,6 \%$ .

Жойылған алқабы –  $500 \times 56,6 \% = 283$  гектар, ол сақтандырылған алқаптың 70 % аз, яғни 500 га бидай алқабында егістік ішінара жойылған.";

мынадай мазмұндағы 3-Тараumen толықтырылсын:

"3. Сақтандыру жағдайы басталған кезде өнімнің кірісін және зиян мөлшерін есептеу

7. Кірісті есептеу қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқапта өсімдік шаруашылығы өнімі түрін өндірудің 1 гектарынан жүзеге асырылады.

Нақты кіріс қолайсыз табиғат құбылыстары әсер еткен өсімдік шаруашылығы өнімі түрінің барлық көлемі сатылғаннан кейін есептеліп шығарылады.

Бағаланатын кіріс қолайсыз табиғат құбылыстары әсер еткен өнім жиналғаннан кейін және өсімдік шаруашылығы өнімі түрінің барлық көлемі сатылғанға дейін есептеліп шығарылады. Бағаланатын кірісті есептегендеге өнімге егін жинау кезінде қалыптасқан баға қолданылады.

Кірісті есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$K = B \times \Theta,$$

мұндағы:  $K$  – қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған сақтандырылған алқаптан түсken нақты немесе бағаланған кіrіc, теңge;

$B$  - өnіmniң бағасы, теңge/тонна;

$\Theta$  - қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған сақтандырылған алқаптан алынған нақты жалпы жиын, тонна.

8. Залал көлемі міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде белгіленген өсімдік шаруашылығы өnіmniң түrіn өндірудің біr гектарына жұmsалған шығындар нормативінің мөлшері мен қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқапта өсімдік шаруашылығы өnіmniң түrіn өндірудің біr гектарынан алынған, қолайсыз табиғат құбылыстары әсер еткен өnіmniң осы түrіn өндіру алқабына көбейтілген кіrіc арасындағы oң айырмасы ретінде анықталады.

$$ЗM = (ШН - K_1 \text{га}) \times S,$$

мұндағы:  $ЗM$  - қолайсыз табиғат құбылысы әсеріне ұшыраған алқаптан сақтандыру жағдайы болған кезде сақтандырушының шеккен зияны, теңge;

$ШН$  - өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасқан сэтте белгіленген шығындар нормативі, теңge/гектар;

$K_1 \text{га}$  - қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған сақтандырылған алқаптың 1 га алынған нақты немесе бағаланған кіrіc, теңge/гектар;

$S$  - қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған барлық танаптың алқабы, гектар.

Шығын нормативі мен кіrіstің арасында oң айырма болған жағдайда сақтанушыға жасалған есепке сәйкес сақтандыру төлемі төленеді.

Теріс айырма болған кезде зиянның болмауына байланысты сақтандыру төлемі төленбейді.

Егістік толық жойылған жағдайда зиян мөлшері өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасқан сэтте белгіленген өсімдік шаруашылығы

өнімнің түрін өсірудің бір гектарына арналған шығындар нормативінің қолайсыз табиғат құбылысы әсер ететін осы өнім түрін өсіру алқабына көбейтілген мөлшері ретінде анықталады.

$$ЗМ = ШН \times S,$$

мұндағы: ШН - өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру шартын жасасқан сэтте белгіленген шығындар нормативі, теңге/гектар;

А - қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқап, гектар.

Мысалы: Ақмола облысындағы "ABC" шаруа қожалығының сақтандырылған алқабы (2 далалық аймақ, оңайлатылған агротехнология) 1000 гектарға тең. Оның ішінде 500 га арпа егістігі (№ 1 танап), 500 га бидай егістігі (№ 2 танап). Комиссия 500 га алқапта арпаның толық жойылғанын, бидайдың ішінәра жойылғанын белгіледі. 500 га бидайдың ішінәра жойылуы бойынша шығын мөлшерін айқындаімьыз. Егінді жинау кезінде 1 тонна бидайдың бағасы 35 000 теңге болды.

Қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқаптан жиналған өнімнің көлемі 15 тонна құрады.

$$К = Б \times \Theta = 35\,000 \text{ теңге} \times 15 \text{ тонна} = 525\,000 \text{ теңге.}$$

$$К_1 \text{га} = 525\,000 \text{ теңге} : 500 \text{ гектар} = 1050 \text{ теңге/гектар.}$$

Шығын нормативі 3457 теңгеге тең.

$$ШЗ = (3457 - 1050) \times 500 = 1\,203\,500 \text{ теңге.}$$

500 га арпаның толық жойылуы бойынша шығын көлемін айқындаімьыз.

Шығын нормативі 3266 теңгеге тең.

$$ШЗ = 3266 \times 500 = 1\,633\,000 \text{ теңге.}$$

Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде "ABC" шаруа қожалығы бойынша шығынның жалпы мөлшері: 1 203 500 теңге + 1 633 000 теңге = 2 836 500 теңге құрайды.".

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілікті дамыту және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті осы бүйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев